

ӘОЖ 398(4/9); 801.8(4/9)

Д.С. Ибраева,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
оқытушысы, г.ғ. магистрі, Алматы қ., Қазақстан,  
e-mail: dis061112@mail.ru

### Қазақ мифтік әңгімелердегі ұлттық дүниетанымның көрінісі

Мақалада қазақ мифтік әңгімелеріндегі ұлттық дүниетанымның көрініс табуы жан-жақты талданады. Жалпы дүниетаным ұғымына нақты түсінік беріліп, философиялық, танымдық тұрғыдан сараланады. Қазақ мифтерінің түрлі-түрлі қоғамдық-әлеуметтік даму сатылары, тарихи деңгейлері мен тақырыптық аясына сипаттама жасалады. Сонымен қатар, миф арқылы адамзат рухани дамуындағы басты ерекшелікті ашып көрсетіп, діни-мифологиялық әңгімелердің адам дүниетанымының дамуына тигізген ықпалы зор болғандығын айқын танытады.

**Түйін сөздер:** миф, дүниетаным, таным, мифтік сенім, фольклорлық жанр, мифтік символдар, ұлттық дүниетаным.

D.S. Ibraeva

### Manifestations of national ideology in the Kazakh mythical works

The article analyzes the manifestations of national ideology in the Kazakh mythical works. In this article, the author provides a detailed definition of the concept of worldview and are risen this concept in the philosophical, cognitive aspect. The article describes the stages of social and social development, historic levels and thematic components in Kazakh mythical works. And also, with the help of a mythical work describes the peculiarities of the spiritual development of mankind and pays great attention to the influence of religious and mythological work on the development of national human world.

**Key words:** myth, ideology, knowledge, mythical belief, folklore genre, mythical characters, national outlook.

Д.С. Ибраева

### Проявления национального мировоззрения в казахских мифических произведениях

В статье анализируются проявления национального мировоззрения в казахских мифических произведениях. В данной статье автор предоставляет подробное определение понятию мировоззрение и рассматривает это понятие в философском, познавательном аспекте. В статье раскрываются ступени общественно-социального развития, исторические уровни и тематические составляющие в казахских мифических произведениях. А также с помощью мифических произведений раскрываются особенности духовного развития человечества и уделяется огромное внимание влиянию религиозно-мифологических произведениях на развитие национального мировоззрения человека.

**Ключевые слова:** миф, мировоззрение, познание, мифическая вера, фольклорный жанр, мифические символы, национальное мировоззрение.

Біздің ата-бабаларымыз ежелден көшпелі ғұмыр кешкен. Табиғаттың қыр-сырын жан-жақты тереңінен ұғыну, шеті мен шегі жоқ кеңістікте мал бағу, жазда жайлауға, қыста

қыстауға көшіп-қону – біздің ата-бабаларымызға тән қасиет. Көшпелі өркениет, көшпелі өмір салты оларды айнала қоршаған ортаға өзгеше көзбен қарауға үйретті. Табиғаттың қатал сыны-

на төтеп бере жүріп, өздеріне ғана тән тіршілік камын жасап, қиыншылықтарға қарсы тұруға машықтанды. Осыдан барып даналық таным, дүниетаным ұғымдары қалыптасады. Жалпы дүниетаным деген не? Ол туралы философиялық сөздіктерде мынадай анықтама берілген екен: «Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі (бастапқы) сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем. Дүниетаным – адамдардың дүниені ақиқатпен теориялық және практикалық жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани тәсілі. Дүниетанымда тұтас адамзат әлемі моделі сияқты мәдениет категорияларының жүйесі көрініс тапқан» [1, 21].

Дүниетаным бір күнгі немесе бір жылдың ғана жемісі емес, ол адамдардың ғасырлар бойы жасаған өмір тіршілігімен тығыз байланыста дамып, жетілген өнер мен мәдениетке жақын көзқарастар жиынтығы екен. Олай болса, біз қазақ халқының ұлттық дүниетанымын оның сандаған жылдар бойында қалыптасқан дәстүрлер арқылы танытуымызға болады екен.

Ақыл-парасат, сана-сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі – өзін қоршаған органы танып білуге деген ерекше ұмтылыс. Адам айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым-қатынасын белгілейді. Осы негізде өзі белсенді іс-әрекетке араласады, мүдделерін, сұранымдарын қанағаттандырады. Сөйтіп, оның дүниені танып білуі нақты әлеуметтік сипатқа ие болады. Дүниені танып білудің негізінде құбылыстардың, адам санасында бейнеленуі жатады. Бейнелену теориясының мәні мынада: заттар, құбылыстар мен процестер және олардың қасиеттері мен маңызды байланыстары танып-білуші субъектіден тәуелсіз өмір сүреді.

«Таным – сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнеленуінің қайшылыққа толы күрделі процесі. Таным барысында адам өзінің қоршаған органы игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі; адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. Ендеше, танымды адамның

жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады»[2, 2].

Демек, ұлттық дүниетаным дегеніміз – белгілі бір ұлттың дүниеге, қоршаған ортаға деген көзқарасы, таным-түсінігі.

Әрбір халық өз тілінің негізінде өзіне тән дүниесезіммен дүниетанымын қалыптастырады. Олай болса, жер бетінде өз тілінің негізінде қанша халық өмір сүріп жатса, соншалықты дүниесезім, дүниетаным, философия болады.

Көне гректердің айтқанындай, философия дүниеге таңғалудан басталады. Ал оның өзі өмірдегі күнбе-күн кездесетін айқын да түсінікті құбылыстардан туындамайтыны баршаға мәлім. Таң қалатын құбылыс сиқырлығы мен көпқырлылығы, әсемділігі мен орасан зор күш-қуаты, я болмаса ерекше нәзіктігімен көрініп, адамның жан дүниесінде ерекше із қалдырады.

Философиялық деңгейге көтерілсек, бұл дүниеде мәңгілік адам таңғалатын екі-ақ құбылыс бар. Оның бірі – әлем, барлық өмір сүріп жатқан дүние болса, екіншісі – өзіндік сана-сезімі, ішкі рухани өмірі бар адам болмақ. Біріншісі құшаққа да ой елегінің ауқымына да сыймайтын шексіз де мәңгілік әлем. Дүние ғарыш болатын болса, екіншісі ғарыштағы құбылыстармен салыстырғанда атом сияқты, бірақ өзінің нәзік жан дүниесі бар адам. Адам – кіші әлем ретінде үлкен әлемге – ғарышқа тең. Бүкіл ғарыштың барлық сиқыры мен талпынысы адамның табиғатында жиналған. Сондықтан осыдан мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген белгісіз түрік бабамыз алдындағы жатқан дүниеге таңғалып, сол жөнінде алғаш рет ойланyp, ондағы адамның орны қандай екен деген сұрақты өз алдына қойған кезде, сол сәтте отандық философия бұлағының көзі ашылды десекте болады. Қазақ халқының дүние сезімі мен дүниетанымының ерекшеліктері, әрине ол өмір сүрген табиғаттың, соған бейімделіп қалыптасқан шарушылық формалары, өмір салтының жүйелері мен тығыз байланысты болса керек. Жоғарыда айтылған тұрғыдан бұл мәселеге көз жіберсек онда біздің ата-бабаларымыз таңдап алып, өз Отанына айналдырған жерлер мал өсіруге лайықты, табиғаты қатал, суға тапшы, сонымен қатар өрісі кең, малдың соңында көшіп-қонуға мол мүмкіншілігі бар кеңістікте орналасқан болатын. Ал табиғаты жұмсақ, суы мол жерлерде (мысалы, Сырдария, Шу өзендерінің т.с. с бойларында) халық жерге тұрақтанып егіс егіп, қолөнерін дамытып, қалалар тұрғызды. Оған мысал ретінде «Жібек

жолы» бойында орналасқан орта ғасырдағы қалаларды айтуға болады. (Отырар, Мерке, Құлан, Талғар, Алматы т.с. с)

Негізінен алғанда, жаңа дәуірге – машиналық индустрия пайда болғанға дейін қазақ жеріндегі ең тиімді шаруашылық формасы көшпенді мал шаруашылығы болды. Сондықтан біздің арғы бабаларымыз мыңдаған жылдардың шеңберінде осы шаруамен айналысты. Ол біріншіден, табиғатқа бас июді, оған табынуды талап етті, табиғатты өз еркіне сай етіп қайта өзгертуге тырыспады, табиғат заңдылықтарына бағынды. Сондықтан ежелден қазақ халқының, қазіргі тілмен айтқанда, экологиялық санасы биік деңгейде болды.

Екіншіден, біздің бабаларымыз көшпенді мал шаруашылығымен айналысып, еркін көшіп-қонып жүргендіктен, еркіндік, бостандықты қатты бағалаған. Қазақ жерінде абақты ұғымы атымен болмаған.

Үшіншіден, негізінен алғанда көшпенділік теңдікті талап етеді, оған тән саяси формалар – соғыс демократиясы, әрі кеткенде алғашқы феодалдық қатынастар дамыған.

Төртіншіден, көшпенді халықтың арасындағы әлеуметтік айырмашылықтар аз болғандықтан, теңдікке негізделген әділеттілік жоғары бағаланған.

Бесіншіден, байлыққа жетуден гөрі, арнамысты жоғары ұстау – ол да көшпенділік өмір салтынан шығатын құндылық.

Алтыншыдан, өне бойы көшіп-қону барысында сан түрлі қиындықтарды, қауіп-қатерлерді бастан кешуге тура келді. Ол ерлікті, батырлықты, шыдамдылықты талап етті.

Мифтік әңгімелерге үніле отырып, байырғы адам баласының санасы мен рухани дүниесі, ойлау дәрежесі, таным-түсінігі қандай болды дегенге жауап іздейміз. Қазақ халқының ежелгі тарихы да осы мифтердің ішінен орын алуға тиіс. Өйткені ата-бабаларымыздың өткен дәуірі мен ой-санасының айғағы боларлық мифтер мен мифтік аңыздары ауызша сөз мұрасынан елеулі орын алады. Олар қазақтың ән-күйлері, өлең-жырлары, аңыз- әңгімелері, т.б. бұл туындылар сан ғасырлық рухани азық болумен бірге дала тіршілігінің талап-талғамына лайық өңделіп, өзгеріп отырады. Сондықтан мифтер белгілі бір дәуірдің, адам дүниетанымның өткен бір кезеңінің нәтижесі.

Дүниежүзі халықтарының мифтері ғылыми зерттеулердің нысанасына алынып, тарихи салыстырмалы тұрғыдан қарастырылғалы бері

мифтердің де түрлі-түрлі қоғамдық-әлеуметтік даму сатылары, тарихи деңгейлері, түрлері мен тақырыптық аясы болатыны анықталды. Атап айтатын болсақ, аспан мен жердің жаратылысы туралы айтылатын мифтерді космогониялық мифтер деп атаса, адамдар оның жаратылуы туралы мифтер антропогондық мифтер деп аталынады.

Мұндай жұртшылық мойындаған бірқатар нәтижелерге табан тірей отырып, қазақ мифтерінің де қайсыбір ерекшеліктерін анықтау ұлтымыздың рухани мұрасын түгелдеуге септігін тигізері сөзсіз.

Салыстырмалы зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, ең қарапайым, әрі ең көне мифтердің қатарына аспан денелері – Күн, Ай, жұлдыздар мен планеталар туралы айтылатын мифтер жататын көрінеді, яғни космогониялық мифтер.

Космогониялық мифтер деп аталатын мұндай әңгімелердің түп-тамыры бізді қоршаған дүние қашан, қалай жаратылды, жаратқан кім?.. деген күрделі сауалдарға жауап іздеумен байланысты.

Осы мифтердің әлем жұртшылығына кең таралғандығы және миф атаулының ішінде алатын орнының мән-мазмұны олар бір кезде адам болды деген түсінікті айшықтап көрсетеді. Күн сәулесінің өткірлігін оның мінезінің тік, өжеттігіне, Ай сәулесінің әлсіздігін оның жұмсақ мінезіне байланысты түсіндіру де олардың адам кейпінде ұғынылғанын дәлелдейді. Миф бойынша Ай мен Күн асқан сұлу қыздар екен, бір-бірінің сұлулығын қызғанып, Күн айдың бетін тырнап алыпты, содан Айдың бетінде дақ қалып, бұдан кейін бір жүрмейтін болыпты... [3, 4]

Тағы бір мифте: жігіт бейнесіндегі Айға жердегі жетім қыз ғашық болып қалыпты. Өгей шешесі қызды түнде су әкелуге жұмсайды. Қыз суға барса, ғажайып бір сұлу жігітті көреді, сөйтсе ол су бетінде шағылысқан Айдың бейнесі екен. Қыз Айға жалынып, өзін алып кетуді өтінеді. Сөйтіп Айға барып қосылған, қолына шелек ұстап тұрған қыздың бейнесін Айдың бетінен көруге болады. Бұл мифтердің бәрінде де аспан денелерін адам ретінде түсіну айқын көрінеді.

Қазақ мифтерінің арасында аспан мен жердің, күн мен айдың, жұлдыздар мен планеталардың қалай пайда болғандығы, оларды кімдер жаратқаны туралы мифтер аз сақталған. Дегенмен, жұмыртқадай жерді көтеріп тұрған көк өгіздің мүйізі, бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырғанда жер сілкінеді, дүниежүзіне мәлім миф бойынша әлемді топан су басқаннан кейін

Нұх (Ной) кемесі тоқтаған жерде тіршілік басталған; аспан иесі (әрі Жаратушы) – Тәңір, кейбір түркі халықтарының мифтерінде жердің иесі әйел Құдай Ұмай, бәлкім байырғы ұғым бойынша Тәңір мен Ұмай ерлі-зайыпты; аспанды еркек, жерді әйел бейнесінде ұғыну дүниежүзінің көптеген халықтарына тараған. Жер бетіндегі тау-тас, өзен-көлдер бір кездегі алып адамдардың (Еділ, Жайық, Толағай, т.б.) іс-әрекеттерінің нәтижесінде (секіргенде, жылағанда, айқайлап күніренгенде, ұйықтағанда т.б.) пайда болған дейтін түсініктердің арғы негізі олар қалай жаратылды, кімдер жаратты дейтін сауалдармен байланысты екені анық.

Демек, әр халықтың аспан денелері, қоршаған орта туралы айтатын мифтерінен олардың өзіне етене таныс, әрі нақтылы білетін өмір салты мен тұрмыс-тіршілігінің бейнесін көреміз.

Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ арасында сақталған мифтерде көшпелі өмір салтына негізделген көріністердің жалпы дүниеге, оның ішінде аспан денелерінің қасиеттері мен қимыл-қозғалысына да телінегіні табиғи жағдай. Көшіп-қонған ел (үнемі қозғалыс үстіндегі аспан денелері), төрт түлік мал, оны ит-құстан, ұрықарыдан қорғау (Жетіқарақшы, Ақбозат, Көкбозат, Арқанжұлдыздары), мысалы Жетіқарақшы мифтік әңгімеде:

.... «Жетіқарақшы бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін ұрлаған баукеспе ұры болыпты. Халық болып соңына түскен соң, қылмысы басынан асқан жеті жеткізбей аспанға қашып шыққан. Бастаған алдыңғы төртеуі, ана артындағы үшеуі ерер-ермес болып жүрген олардың құйыршығы. Ана бүйірдегі екі жарық жұлдыз – екі батыр. Сонау көрінген қатар екі жұлдыз, Ақбозатпен Көкбозат – батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқаны да, әне көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала аттайды. Оларды аңдыған жеті ұры да түнімен төңіректен айналып жүреді. Ұрылар қайтсе де осы аттарды түсіріп алмақшы. Сақ күзетуші алдыңғысынан көз жазбайды. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден тайып, тасаланады»[3, 14].

Жылдың әр мезгілінде әр түрлі өзгешеліктерімен көрінетін аңдар мен жан-жануарлар (Үш Арқар, Қамбар, Үрке, т.б. жұлдыздар) қосақтап сауған қойлар, (Кемпірқосак), түнгі бақташының

жөн сілтер, мезгілді анықтар бағдары (Темірқазық, Шолпан, Есекқыран, Сүмбіле, Құс жолы) ауа райының, жыл маусымының малға жайлы-жайсыздығын болжау (Айдың қалай тууы, күннің батуы, жұлдыздардың түр-түсі, т.б.)

Мифтердің келесі бір саласы – антропогондық мифтер. Жоғарыда айтылғандай, адамдар, оның жаратылуы жайында.

Қазақ танымында адамның жаратылысы, оның өмірі туралы мифтер өлім және о дүниедегі желісі бар өмір жайындағы ұғымдарға ұштасып отырған. Исламға дейінгі Тәңірлік дүниетаным бойынша әруақтарға сену, өлген адам іс жүзінде басқа бір дүниеде бізбен қатар тіршілік кешіп жатыр деген түсінік орын алған. Өлген адамның жыл толған асында ұлан-асыр той жасау оны ғажайып бір өмірге біржола шығарып салу дәстүрімен сабақтас. Мұндай ұғымға астар болған байырғы мифтік сенім екені даусыз. Айнала қоршаған дүниені адамдар кейпінде түсінумен қатар, қайтыс болған адамдар да солардың қатарына барып қосылатындығы, яғни адамның өзінің келген жеріне қайта қайтатыны – байырғы біртұтас, араға жік қоймайтын ұғымның сілемдері.

Бұл орайда дүниенің соңы «ақырзаман» деген түсінікті адамның туу, жаратылуы, өмір сүруі, өлу және о дүниеде қайта жасау сияқты белгілі бір жүйеге, циклды тәртіпке түскен тізбенің соңғы және қорытынды бөлімі деп қарауымызға болады.

Миф түптеп келгенде, о бастан-ақ сөз өнерінің айшықты бір жанры емес. Мифтің дүниетанымдық қызметі әлсірей бастағаннан кейін ғана ол сөз өнерінің өзге жанрларымен (аңыз, әпсана, ертегі, т.б.) жақындасып, фольклорлық жанр аясына түсірілді. Ал шындығына келгенде, наным-сеніммен, әдет-ғұрыппен, салт-санамен бірге туып, бірге жасасқан мифтің қоғамдағы көрінісі алдымен оның сан-салалы дүниетанымдық қызметінде. Міне, бұлардың бәрі де дала тіршілігінің мифтік ұғымдарға астасып жатқан көріністері екені даусыз. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ мифінің логикалық құрылымы мен жасалу жүйесі әлемдік үрдіспен сабақтас. Ал оның өзіндік ерекшеліктерін мифтік символдармен ұғымдарға өз өмірінің көріністерін көшіруінен көреміз.

**Әдебиеттер**

- 1 Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 21 б.
- 2 Кішібеков Д, Сыдықов Ұ. Философия. Оқулық. – Алматы, 2002. – 408 б.
- 3 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 б.

**References**

- 1 Ma'deni"-fi"losofi"yali'q e'nci"klopedi"yali'q so'zdik. – Almati': Rari"tet, 2004. – 21 b.
- 2 Kishibekov D, Si'di'qov U. Fi"losofi"ya. Oqwli'q. – Almati', 2002. – 408 b.
- 3 Qazaqti'ng mi"ftik a'nggimeleri. – Almati': Ghi'li'm, 2002. – 320 b.